



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№16 (1929) 6 МАМЫР 2024 ЖЫЛ

Ел қамалы берік, ер қорғаны бекем болсын!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері, білім алушы жастар!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!



Мемлекет басшысы – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылар күнімен құттықтауында: «Қазақстанның Қарулы Күштері – егемен еліміздің мықты қалқаны, бейбітшілік пен тұрақтылықтың мызғымас тірегі. Халқымыз ер-жүрек жауынгерлерін қадір тұтқан, оларға құрмет көрсеткен. Ел үшін жасалған ерлік ешқашан ұмытылмайды», – деп атап өтті.

Қазақстандық жауынгерлердің Екінші дүниежүзілік соғыста асқан ерлік танытқаны тарихтан белгілі. Соғыс жылдарында университеттен 287 қызметкер мен студент майданға аттанды. Көпшілігі ерлікпен қаза тапты. Батыр әкелеріміз бен аналарымыздың қайсарлығы ұрпақ жадында

мәңгі сақталады. Қазіргі уақытта университетіміздің қамқорлығында 26 тыл еңбеккері, екі Ауған соғысының жауынгері бар.

Білім ордасында университет құрылған уақыттан бері Әскери кафедра жұмыс істеп келеді. Бүгінге дейін ҚазҰУ еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға үлес қосып, 40 мыңнан астам запастағы офицерді даярлады. Кафедрада жастарымыз 17 әскери мамандық бойынша арнайы дайындықтан өтіп, әскери білім алуда. Университетте тұңғыш қорғаныс министрі, Халық Қарманы, Кеңес Одағының Ба-

тыры, генерал Сағадат Нұрмағамбетов пен Кеңес Одағының Батыры, майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлы атындағы аудиториялар бар. 40-тан астам мамандандырылған оқу кабинеттері мен Әскери кафедра мұражайы жұмыс істейді.

Осы игіліктің барлығы білім алушы жастардың патриоттық рухын шыңдап, әділетті, адал азамат болып қалыптасуына жол ашатын бастамалар.

Ел қамалы берік, ер қорғаны бекем болып, еліміз өркендеп, өскелең ұрпақ бойында отаншылдық сезімі арта берсін.

Сіздерге мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы Ресейдің Омбы қаласында ашылады. Бұл туралы Ресей Федерациясы ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Константин Могилевский қазақстандық әріптестерімен кездесу барысында мәлімдеді.

Ресейде ҚазҰУ филиалы ашылады



Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комиссиясының өткен төртінші отырысында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ресей Федерациясындағы филиалын ашу жөніндегі

Жол картасын әзірлеу» үшін бірлескен жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданғанын атап өткен жөн.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ кіші комиссиясының хаттамалық шешімінің іске асыру үшін Жол картасының жобасы әзірленді.

Жалғасы 2-бетте

Пенсильвания университетімен меморандумға қол қойды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен АҚШ-тың Пенсильвания университеті серіктестік туралы меморандумға қол қойды. Аталған келісімге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың АҚШ-қа жұмыс сапары барысында қол жеткізілді.

Кездесуде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен Пенсильвания университетінің президенті Нили Бендапуди жоғары білім және ғылым саласында бірлескен мақсаттарды іске асырудағы жаңа мүмкіндіктерді қарастырды.

Меморандум аясында ҚазҰУ мен Пенсильвания университеті оқытушылар мен студенттер алмасып, жоғары оқу орындарындағы ғылыми зертханаларды бірлесіп пайдаланады.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Сот жүйесінің
реформаторы



4-5 беттер

Военной
кафедра
КазҰУ –
90 лет!



6-бет

Жас ғалымдар
ұлттық
мүддені
ескере ме?





пары екіжақты қатынастарды дамытуға тың серпін беру тұрғысынан мәні зор екенін айтты. Сонымен қатар өз сөзінде білім ордасының президенті барлық бағыт бойынша ынтымақтастықты арттыруға қос университеттің мол әлеуеті бар екенін жеткізді.

Айта кетейік, Пенсильвания университетінің негізі 1855 жылы қаланған. Аталған университет мемлекет қаржыландыратын АҚШ-тағы үздік 15 ЖОО-ның қатарына кіреді. QS WUR халықаралық рейтингінде 83-орында. Оқу ордасындағы 50 мыңға жуық студентке 7

Ресейде ҚазҰУ филиалы ашылады

Соңы. Басы 1-бетте

Омбы қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалының ашылуына байланысты екі жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларын салыстырмалы талдау негізінде болашақ филиал үшін оқу бағдарламаларының тізімі ұсынылды.

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, Ресей Федерациясында жетекші қазақстандық ЖОО филиалының ашылуы еуразиялық интеграция шеңберінде екі елдің ғылыми білім беру әлеуетін және ынтымақтастықты одан

әрі дамытуға ықпал ететін болады. Сонымен қатар министр ғылыми-жаратылыстану және техникалық бейіндегі кадрларды даярлау үшін материалдық-техникалық база, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының кадрлық әлеуеті маңызды болып табылатынын атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалының білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді қабылдау үшін мемлекеттік білім гранттарын бөлу мәселесін шешу қажет.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Пенсильвания университетімен меморандумға қол қойды

Соңы. Басы 1-бетте

Сонымен қатар тараптар ортақ халықаралық конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастырып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл келісім университетте белді ғалымдардың дәрістерін өткізуге, Пенсильвания университеті журналдарында ҚазҰУ ғалымдарының мақалаларын жариялауға мол мүмкіндік береді.

Жүздесу барысында Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен АҚШ университеттері арасындағы қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды.

«Бүгінде ҚазҰУ 54 елдің 650-ден астам ЖОО-ларымен байланыс орнатқан. Соның ішінде АҚШ-тың 18 жоғары оқу орны бар. Бұл сапар екіжақты қарым-қатынастарды дамытудың маңызды кезеңіне жол ашатынына сенімдімін. ҚазҰУ ғалымдарын Пенсильвания университетінде тағылымдамандан өткізу бойынша ұсыны-



сымды жеткізгім келеді. Аталған жұмысты «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы бойынша жүзеге асыруға болады. Бұл тәжірибе алмасуға және серіктестікті дамытуға септігін тигізеді», – деді ҚазҰУ басшысы.

Өз кезегінде Нили Бендапуди ҚазҰУ ректорының Пенсильвания университетіне са-

мыңнан астам оқытушы дәріс береді. Университетте 18 колледж бар.

Келіссөзден соң ҚазҰУ делегациясы оқу ғимараттары мен зертханаларды аралап, университеттің ғылыми инфрақұрылымымен танысты.

Айнұр
АҚЫНБАЕВА

Сенбілікке 500 студент қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім алушылары «Жасыл аймақ» апталығында республикалық сенбілікке белсенді қатысты. Аталған науқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өткен жалпыхалалық сенбілікке қатысып, Астанадағы «Ұлытау» аллеясында ағаш отырғызды.

«Шын мәнінде елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бірреттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет», – деді Президент өз сөзінде.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Таза кампус» жобасы жоспарланып, бекітілді. Бес апта ішінде білім ордасының оқытушылары, қызметкерлері және студенттері көшеттер отырғызып, оқу ғимараттары мен аудиторияларда, кеңселерде, орталықтарда тазарту жұмыстарын

жүзеге асырады. Сонымен қатар әл-Фараби және Ө.Жолдасбеков ескерткіштері, «Мәңгілік ел» сағат стеласы, ғимараттардың қасбеттері мен терезелері жуылып, қарттар үйіне жәрдемдесу көзделген.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

Оқу орны Оралға гуманитарлық көмек берді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жіберген 20 тонна гуманитарлық көмек Орал қаласына жетті.

Жергілікті еріктілердің күшімен жаңа киім-кешектер, азық-түлік, жеке гигиена құралдары, карематтар, бұзылмайтын тағамдар, ауызсу, төсек-орын жабдықтары, резеңке етіктер мен қолғаптар эвакуациялық пунктте орналасқан тұрғындарға бөлініп берілді.

Бұдан бөлек, көшбасшы университет 5 млн теңге қаржы жинап, оны су тасқынынан үй-

лері зардап шеккен 50 студентке 100 мың теңгеден жәрдемақы ретінде тағайындалды.

Естеріңізге сала кетейік, 9 сәуір күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен оқу ордасының базасында арнайы қайырымдылық пункті ашылған болатын.

Университет қызметкерлері, оқытушылары мен студенттерінің көмегімен жәрдем қабылдау орталығында 20 тонна гуманитарлық көмек пен 5 млн теңге қаржы жиналған еді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып, мемлекет өркендеуіне абыройлы қызмет атқарған көрнекті түлектерінің бірі – заң ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының бас прокуроры қызметтерін атқарған Қайрат Әбдіразақұлы Мәми.

Қайрат Әбдіразақұлы – тәуелсіз Қазақстанның сот, құқық қорғау саласында өзіндік орны бар тұлғалы азамат, мемлекет және қоғам қайраткері. 1981 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдағаннан бүгінгі күнге дейін осы саланың дамуына үздіксіз үлес қосты. Искерлік шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында еліміздегі сот жүйесі жаңа бағытта реформаланды. Қазақстандық сот саласының өзін-өзі материалдық тұрғыда қамтамасыз етіп, сот жүйесі қызметкерлерінің еркін жұмыс істеуіне, кәсіби тұрғыда мол тәжірибе жинақтауына жол ашты.

Қайрат Әбдіразақұлы Атырау облыстық соты мен Алматы қалалық сотының төрағасы қызметтерін үлкен абыроймен атқарды. 1995 жылы ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер алқасын басқарса, 1999-2000 жылдары ҚР Әділет министрінің орынбасары болды. 2000 жылдан бастап ҚР Жоғарғы сотының төрағасы, 2009 жылдан ҚР бас прокуроры сынды жоғары лауазымды қызметтердің тізгінін ұстады.

2011 жылы ҚР Парламенті Сенатының төрағасы болып сайланды. Қоғам игілігіне бағытталған жобаларды қолдап, құқықтық реформалардың нәтижелі іске асуына атсалысты. Одан кейін 2013 жылы ҚР Жоғарғы сотының төрағалығына келіп, еліміздің сот, құқық жүйесінің үздіксіз дамуына маңдай терін төкті. Өз саласының білікті маманы, мемлекетшіл тұлға, әділет жақтаушысы болып, көрнекті мемлекет қайраткері атанды.

Қайрат Әбдіразақұлының жетекшілігімен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Аралық соттар туралы», «Прокуратура туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдары әзірленді. Соттардың құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер жөніндегі Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары дайындалды. Сондай-ақ ҚР Жоғарғы сотының 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, Сотты қалыптастыру стратегиясы әзірленгенін білеміз. Бұл қайраткер тұлғаның сот, құқық саласын жетілдіріп, реформа жасаудағы өл-

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Сот жүйесінің реформаторы

шеусіз еңбегінің бір парасы ғана.

Мемлекеттік қызметпен қатар, заң ғылымының докторы, профессор ретінде ізбасар шәкірттер тәрбиелеп, заң-құқық саласында мазмұнды еңбектер жазды. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың дамуына үлес қосып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесін және университет түлектерінің қауымдастығын басқарып келеді. Білім ордасындағы барлық игі іс-шаралар мен ауқымды жобалар мен жаңаша бастамалардың барлығында да оның айқын қолтаңбасы бар. Көптеген ғылым кандидаттары мен PhD докторларға жетекшілік жасады. Бүгінде шәкірттері заң-құқық саласы бойынша Қазақстанмен қатар, шет мемлекеттерде де жемісті еңбек етуде. Қайрат Әбдіразақұлының іскерлік тәжірибесі, іргелі зерттеулері, тың әдістемелері қазіргі соттардың тәжірибесіне енгізілген.

Қайрат Әбдіразақұлының азаматтық болмыс-бітімі мен адами кескін-келбетіне ерекше тоқталғым келеді. Өйткені Қайрекең – айналасына қамқор, бізге адал дос, жанашыр аға-бауыр бола білген ерекше тұлға. Өмірдің сан тарау қалыптасу жолынан өтті. Десек те, студент кезімізден араластық, әлі күнге сыйластығымыз бен достығымыз, қарым-қатынасымыз бен жанашырлық ниетіміз өзгерген жоқ. Сол баз-баяғы жиырма жасымыздағы қалпымыздай әңгімеміз түзу. Жас кезімізде қалай таныстық – сол ақ-адал тілектестігіміз өзгерген жоқ.

Қайрекең студент кезінде отбасын құрды. Ол кезеңде әрі білім алу, әрі отбасын асырау оңай болмайтын. Өйткені отау құрған студенттер, қазақ жастарының бәрі пәтерде тұрды. Шаңырақ көтерген достарымыздың көпшілігі Алматының шет жағын жағалап жүрді. Соған қарамастан, ол сабақты үздік оқыды, әркез қатарының алды болды. Жоғары оқу орнын бітіріп, жолдамамен Атырауға барып, еңбек жолын қарапайым қызметкер болып бастады. Қысқа уақыттың ішінде Атырау облыстық сотының төрағасы лауазымына дейін көтерілді. Өзінің еңбекқорлығы, кәсіби біліктілігі арқасында еліміздегі ең жас облыстық сот төрағасы ретінде ерекшеленді. Бұл қазір айтуға ғана оңай әңгіме. Ал шын мәнінде айрықша қажыр-қайратты талап ететін лауазым еді. Атырауда досымыз үлкен бедел жинады. Халық ерекше сыйлады. Кейін ол жақтан оралғанда Атырау халқы айрықша құрметпен қимай шығарып салды. Өйткені өмірлік жолы адал еңбектің арқасында қалыптасты. Елге үлгі-өнеге болды. Әділет жақтаушысы болып, мемлекет мүддесін, елдің



мәртебесін қорғауда үлкен еңбек сіңірді.

Жоғары лауазымды қызметте жүріп, адамгершілікті, адалдықты ту етті. Биік мансаппен бірге ағайын-тумаға қамқорлық танытып, досқа, әріптеске ниеттес болды. Бұл оның жылы жүрек иесі екенін көрсетеді. Өйткені үлкен ортада жүріп, айналасына қараса, қамқорлық таныту оңай емес. Көпшілігі қызметке баса мән беріп, жан-жағына көңіл бөлуді азайта бастайды. Ал Қайрекең қандай мансапқа ие болса да, достықтан айныған жоқ, ағайын-туысқа, бауырға, тіпті көрші-көлемге қамқор бола білді. Оны жанында жүрген біз көрдік, куәміз. Ағайын-туысқа жолбасшы болды. Өз атаегіне үлкен құрметпен қарады. Тек ағайынға ғана емес, өзі туып-өскен ауылына да көп қамқорлық жасады. Музей ашты. Көзге көрінбейтін жақсылықтар жасады. Бар болып тұрса да, материалдық жағынан қол ұшын беру, желеп-жебеп жіберу екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет. Кеңестік кезеңде жай қызметке тұрудың өзі қиын еді, сондай кезде талай адамға жақсылық жасағанын көз көрді. Бүкіл елге қарасты. Қайрекең туған топыраққа барғанда көпшілік аяғынан тік тұрып қарсы алады. Ерекше құрмет көрсетеді.

Анасы ауылда тұрды. Өкесінен ерте айырылған Қайрекең анасына сүйеу болды. Өкесі – Ұлы Отан соғысында Брест қамалын жаудан азат етуге қатысқан санаулы қазақтың бірі. Оқ пен оттың арасынан елге аман-есен оралып, балашаға өсіріп, тәрбиелеп қатарға қосты. Туған жер төсінде бар

өмірін шәкірт тәрбиелеуге жұмсады. Мектеп директоры қызметіне дейін көтеріліп, елге үлкен еңбек сіңірген тау тұлғалы азамат. Анасы да өмір бойы мектепте мұғалім болды. Қарапайым адам болса да, көзі ашық, көкірегі ояу еді. Күнделікті газет-журналдарды қалт жібермей оқып отыратын. Сол кездері шығатын «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», тағы басқа толып жатқан басылымдарды оқып отыратын. Ол кісі үнемі ұлына «пәленшенің жағдайы болмай жатыр», «түгеншенің көңіл күйі жоқ» дегенді құлаққағыс етіп жүретін еді. Ал Қайрекең сол адамдарға үнемі қол ұшын созады. Анасының сөзін екі етпейді. Осындай әке мен шешенің мықты тәрбиесін алған Қайрекең достыққа, ағайындыққа, елдікке өте мықты азамат, осы қасиетіне барлығымыз қызығамыз. Оның қан арқылы біткен болмыс-бітімі, таным-түсінігі, орасан зор ішкі қуаты кәсіби маман болып қалыптасуына, кейінгі лауазымды қызметтеріне жетістікке жетуіне ерекше ықпал етті. Ол достарына, әріптестеріне, курстастарына да талай жақсылық жасады.

Құдай адамға сынап, бақ бергенде көп адам оны көтере алмай қалады. Ал Қайрекең қай қызметте жүрсе де, азаматтық келбетіне дақ түсірген жоқ. Бір курстасы кемтар болып қалғанда жанын салып көмек берді, оның балаларына қамқор болды. Тағдыр төлкегімен кейбір курстастарының жары жесір қалғанда да солардың отбасына қарайласып, көмек қолын созып жүрді. Бұл да екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерекше қасиет.

Тағы бір атап өтерлігі, Қайрекең өзі ақынжанды, аздап өлең шығаратын қабілеті бар. Әңгіме айтқанда да әдеби тілмен жатық, шебер сөйлейді. Ақын-жазушыларды жатқа айтып отырады. Мақал-мәтелге, қанатты сөзге бейім. Жай ғана заң қызметкері емес, салауатты, салиқалы, зиялы ел ағасы. Оның тағы бір жағымды қасиеті – ол магнит сияқты, жанына жақсыларды тартады. Мен Түркия елінде көп жылдар қызмет еттім, біз осы елдің қалыптасқан атау үрдісімен бір-біріміздің атымызды атамай, «Сауып басқапым» деп бауырдай сыйластық. Өлі де солаймыз. Біздің аралас-құраластығымызға қырық жылдай уақыт, тіпті қатар жүргенімізге елу жылға жақындап қалды. Осы жылдар ішінде бір-бірімізге дауыс көтеріп көрген жан емеспіз. Былайша айтқанда, шәй десеу болған жоқ. Мен мұны ерекше байлық деп бағалаймын. Бір-біріміздің қас-қабағымызға қараймыз, ішіміздегіні айтпай-ақ сезіп тұрамыз. Бұл бір-бірімізге таза ниетпен рух беретін, дем беретін қарым-қатынас. Жақын достардың біреуінің басына әлдеқандай ауыртпашылық түссе «осылай жасап жіберейік, көмек берейік» деп бәріне телефон соғып, үлгеріп жатуы да үлкен адамгершіліктің белгісі. Жасыратыны жоқ, көп адам жеке бастың тіршілігінен аспайды. Жұмысбасты бола жүріп, айналасындағыларды көзге ілмеген кейбіреулер қызметтен кеткенде жапан далада жалғыз қалғандай өмір кешіп жатқанын көз көріп отыр. Ал Қайрекең қай уақытта да төңірегіндегілерді түгендеп жүрді. Сол қасиетіне біз дән ризамыз. Бұл – өте сирек кездесетін қасиет. Бұл – оның адами қасиеті, сөзсіз қарапайымдылығы, көрегендігі.

Бүгінде Қайрекең отбасын, ағайын-туыс, дос-бауырларына көбірек көңіл бөлуде. Бос уақытында тау шаңғысын теуіп, гольф ойнап, атқа мінгенді ұнатады. Ол аяқастынан ерекше отырыс ұйымдастырудың хас шебері. Біз, достары, мұндайда мәре-сәре болып қаламыз. Қайрекеңнің салиқалы әңгімесінен рухани күш аламыз. Содан болар, ертесіне тың жүреміз, жұмысқа шаршамай келеміз. Қандай жағдайда да, қуанышта да, жұбанышта да артымыда арқамды сүйейтін, сенетін досым бар деп айта алуыңның өзі бір ғанибет емес пе?! Осындай көркем ой, алғаусыз сыйластық, ерекше құрмет бойымызға күш береді. Алға жетелейді. Қайрекеңнің қанмен сіңген мәдениеттілігі, айналасымен әдепті түрде қарым-қатынас жасауы үйренуге, ұлға алуға тұрарлық қасиет. Ұқыптылығы, тиянақтылығы, кірпияздығы өзіне жарасым тұрады. Осындай тамаша қасиеттерден азаматтың ерекше тұлғасы пайда болады. Мұндай болмыс-бітім азаматтың жеке тұлғасын биікке көтереді.

Қайрат Әбдіразақұлы – төккен маңдай тер, жиған ілім-білімі мен адал еңбегінің арқасында жұлдызы жанған азамат.

Жетпіс жылдық белеске үлкен жетістіктермен, абыройлы табыстармен, айрықша сый-құрметпен жетті.

Абыройлы тұлғаның мерейлі жасы құтты болсын!

ВЕХИ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ

Постановлением Совета народных комиссаров Союза ССР от 20 октября 1933 года «О подготовке кадров для Казахстана» с 15 января 1934 года в Алма-Ате организован Казахский государственный университет (КазГУ). В том же году 2 декабря КазГУ было присвоено имя Сергея Мироновича Кирова.

Военной кафедре

По заданию Казвоенкомата для воинских частей Красной Армии уже в 1941 году военной кафедрой было подготовлено:

- 24 начальника химической службы;
- 15 командиров по особой программе САВО для гарнизона города Алма-Аты;
- 20 врачей по анализу и индикации отравляющих веществ;

чальником военной кафедры майором Полевином Василием Алексеевичем на базе университета и Казвоенкомата была сформирована 39 отдельная курсантская стрелковая бригада, которая войдя в состав 4 ударной армии Северо-Западного фронта, в декабре 1941 года прибыла под Москву. Полевик В.А. закончил войну в звании генерал-майора и должности командира дивизии. За боевые заслуги он был награжден орденами Ленина, Красного Знамени, Суворова 2 степени, Красной звезды и медалью за оборону Москвы.

Руководителями военной кафедры в военные годы были: подполковник Голландцев Р.С. (1941-1943 годы.), полковник Вестфаль И.И. (1943-1944 годы), генерал-майор Мишнин К.А. (1944-1946 годы).

В послевоенный период происходит расширение военной кафедры, преподавательский состав пополнился офицерами участниками Великой



КУЗНИЦА ВОЕННЫХ КАДРОВ СЕГОДНЯ

Учебно-материальная база военной кафедры обеспечивает выполнение студентами квалификационных требований, получение необходимых знаний, формирование и развитие практических навыков, обучающихся по каждой военно-учетной специальности. Председателем Правления – Ректором НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» профессором Ж.К.Туймебаевым, в ходе посещения военной кафедры дана высокая оценка деятельности коллектива военной кафедры по подготовке и воспитанию будущих офицеров запаса, в целях укрепления обороноспособности независимого Казахстана.

Руководством университета уделяется большое внимание совершенствованию учебно-воспитательного процесса и учебно-материальной базы военной кафедры. Классно-лабораторная база включает в себя 38 специализированных учебных аудиторий, включая 6 компьютерных классов, общим объемом более 850 посадочных мест, две именных аудитории генерала армии С.Нурмагамбетова и Бауыржана Момышулы, интерактивный лазерный тир «Рубин» с переносным стрельбищным оборудованием, учебно-тренировочный полигон с диамическим тренажером вождения БМП-2, три тренажерных класса ПВО, комнату для хранения оружия, комнату дежурного по кафедре

вневоинской подготовки МО СССР Героя Советского Союза генерал-полковника Науменко Юрия Андреевича проведены сборы с руководящим составом вневоинской подготовки МО СССР и ВУЗов Сухопутных войск ВС СССР.

Постановлением Кабинета Министров КазССР от 23 октября 1991 г. №629 КазГУ присвоено имя великого мыслителя Востока, ученого-энциклопедиста Абу Насыр аль-Фараби.

В 90-е годы, на этапе становления независимости нашего государства и строительства Вооруженных Сил Республики Казахстан военная кафедра под руководством полковника Фрийдмана Эдуарда Константиновича сохранила традиции высококлассной подготовки офицеров запаса для нужд казахстанской армии.

5 июля 2001 года, Указом Президента Республики Казахстан КазНУ имени Аль-Фараби первому из ВУЗов Казахстана был присвоен особый статус национального университета. В настоящее время военная подготовка студентов осуществляется на основе получаемого высшего образования по военно-учетным специальностям офицеров и сержантов запаса по следующим направлениям, это ПВО Сухопутных войск, мотострелковых войск, десантно-штурмовых войск и разведки, войск связи, воспитательной, идеологической работы, юриспруденции, физической подготовки и спорта.



- 17 специалистов для госпиталей войск.

В октябре 1941 года на-

Отечественной войны и имевшими боевой опыт.

Вся политико-воспитательная работа и военная подготовка кафедры строилась на боевом опыте Красной Армии, на героических подвигах в войне с фашистской Германией.

За годы существования военной кафедры подготовлено более 40 тысяч офицеров запаса, которые находясь на военной и государственной службе вносят достойный вклад в развитие и укрепление нашего государства. В 1986 году на базе военной кафедры под руководством начальника



С формированием факультетов и кафедр в университете создается кафедра военной подготовки. Первым заведующим кафедры военной подготовки решением военного комиссариата КазАССР был назначен Михайлов Николай Ростиславович (1934-1936 гг.).

К началу Великой Отечественной войны университет в целом сложился как ведущий ВУЗ республики. Значительно окрепла и расширилась материальная база, пополнились преподавательские кадры. Особое значение приобретали военная подготовка и патриотическое воспитание на примерах героического прошлого



народов нашей страны. С началом Великой Отечественной войны, в 1941 году 287 преподавателей, сотрудников и студентов университета ушли на фронт.

На военной кафедре университета по ускоренному графику велась подготовка охотников-разведчиков, радиостов-операторов, мотоциклистов, специалистов по рукопашному бою, горных стрелков, гранатометчиков, самбистов, стрелков, пулеметчиков, лыжников и связистов.

КазНУ – 90 лет!

и комнату бытового обслуживания, оборудованные в соответствии с требованиями общевоинских уставов. За последние два года созданы: современный спортивный и тренажерный залы, актовый зал, класс методической подготовки и библиотека учебно-методической литературы. Учебный процесс проводится в тесной связи с Военным институтом Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова, Военно-инженерным институтом радиоэлектроники и связи МО РК, Управлением военной полиции и Военной прокуратурой Алматинского гарнизона, филиалом Центрального военно-исторического Музея Вооруженных Сил в городе Алматы.

Все проводимые мероприятия воспитательной и военно-патриотической направленности проводятся в тесной связи с ветеранскими организациями: с Общественным Объединением «Казахстанские ветераны войск ПВО СВО ВС РК в г.Алматы, Алматинским городским Советом ветеранов Республиканского общественного объединения «Ветераны Вооруженных Сил». Также налажена тесная связь такими учебными заведениями, как профильная школа КазНУ имени Аль-Фараби, специализированный лицей «Арыстан», физико-математическая школы «Тамос» и «ASPM», гимназией Национального центра «Бобек».

С 2015 года по настоящее



крытых дверей военную кафедру посетило более 5000 тысяч школьников города Алматы, студентов и их родителей.

По инициативе начальника военной кафедры полковника запаса Ажимова О.В. с 2017 года военной кафедрой проводится военно-патриотическая игра «Сарбаз» среди лучших школ от всех районов города Алматы. Бессменными спонсорами военно-патриотической игры являются профсоюзный комитет университета «Парасат», Республиканская военно-патриотическая газета «Сарбаз» и Алматинский филиал Ассамблеи народа Казахстана.

На регулярной основе организуются и проводятся Уроки Мужества и чествования ветеранов Вооруженных Сил, ветеранов войск ПВО Сухопутных войск, ветеранов войны в Афганистане, а также благо-

творческие мероприятия – Дня защитника Отечества и Дня Великой Победы, военная кафедра и Музей истории университета совместно проводят творческий конкурс «Наследники баттаров!» На конкурсе, студенты



С 2015 года на военной кафедре обучаются студенты-девушки.

Важнейшее место в деятельности руководства и коллектива военной кафедры занимает воспитательная и военно-патриотическая работа со студенческой и школьной молодежью. Для проведения мероприятий военно-патриотической направленности на военной кафедре создан Центр военно-патриотической работы, включающий в себя: Отдел военно-патриотической работы, Музей военной кафедры, именные аудитории народных героев Сагадата Нурмагамбетова и Бауыржана Момышулы, мемориальный зал Славы героев Казахстана, пресс-центр военной кафедры и корреспондентский пункт Республиканской военно-патриотической газеты «Сарбаз».

время организовано и проведено более 500 мероприятий военно-патриотической направленности. В ходе Дней от-



ворительные акции студентов в Доме престарелых. Проводимые Уроки Мужества с ветеранами Вооруженных Сил являются важнейшим фактором развития патриотических качеств у студенческой молодежи.

Данные мероприятия проводятся на регулярной основе и являются ярким примером преемственности и неразрывной связи поколений.

Ежегодно, в преддверии двух знаменательных празд-

представляют творческие номера, презентации, читают стихи патриотической направленности, встречаются с ветеранами Вооруженных Сил и ветеранами университета.

Необходимо отметить активную информационно-имиджевую работу, проводимую на военной кафедре. Для организации данной работы создан пресс-центр и корреспондентский пункт Республиканской военно-патриотической газеты «Сарбаз». Студентами и со-

трудниками кафедры с 2015 года по настоящее время подготовлено более 400 публикаций в газетах, социальных сетях и на различных сайтах.

В год празднования 90-летия передового вуза Казахстана – КазНУ имени Аль-Фараби и военной кафедры вуза, военные преподаватели уверенно смотрят в будущее! Все поставленные цели и задачи по воспитанию и обучению студенческой молодежи, сплоченным коллективом военной кафедры будут выполнены!

«Я ГОРЖУСЬ СВОИМ ДЕДУШКОЙ!»

С 1 февраля 2024 года в ознаменование 90-летия КазНУ имени Аль-Фараби и военной кафедры, Дня Защитника Отечества – на военной кафедре совместно с профсоюзом «Парасат» проведен конкурс дет-



ских сочинений «Я горжусь своим дедушкой!» – «Я горжусь своим папой!»

В конкурсе приняло участие более 60 детей сотрудников военной кафедры, представивших красочно оформленные сочинения о своих дедушках и отцах. Из 70 сочинений по разным возрастным категориям, конкурсное жюри выбрало 11 сочинений, которые были оформлены на выставке и в виде презентаций доведены до сотрудников. В преддверии празднования Дня Защитника Отечества в торжественной обстановке начальник военной кафедры полковник запаса Ажимов О.В. подвел итоги конкурса и вручил памятные подарки его участникам.

Необходимо отметить активное участие и заинтересованность в проведении данной патриотической акции внуков и детей фактически всех сотрудников военной кафедры. Проведение подобных мероприятий, является важным фактором в воспитании настоящих патриотов Казахстана – будущих защитников нашей Родины!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ




Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясы аясында психология мамандығы докторанттарының зерттеу жұмыстарымен таныстық. Философия және саясаттану факультетінің Жалпы және қолданбалы психология кафедрасында докторанттардың қатысуымен әдіснамалық семинар өтті.

Кейінгі буын немен айналысуда, олардың ғылыми зерттеулері ұлтымыздың мүддесіне қалай қызмет етеді? Олардың зерттеу нәтижелері еліміз үшін қаншалықты пайдалы әрі жарамды? Шетелдік әдіснамалық тұғырлар мен жаңа зерттеу әдіс-тәсілдерін біздің жағдайға қалай пайдаланып жүрміз («экологиялық валидтілік» мәселесін ұмытпауымыз керек)? Жалпы, өзге жұрттың білімін үйрену қажеттігі қазақстандық мазмұнды жоққа шығару дегенді білдірмейді. Шетелдік тәжірибе отандық ғылымның теориясы мен практикасына қалай әсер етуде? ҚазҰУ-дың шетелдік ғылыми орталықтармен ынтымақтасып, олардың ғалымдарын ғылыми жетекші не кеңесші ретінде алу тәжірибесі бізге не берді? Осы сауалдарға жауап аламыз деп күттік.

Әдіснамалық семинардың модераторы ретінде мен ең алдымен зерттеу жұмыстарының ұлтымыз үшін практикалық маңыздылығы мен өзектілігіне мән бердім. Әсіресе ғылыми өнімдердің басты тұтынушысы болып отырған еліміздегі бағым ұлт – қазақтардың қажеттілігін қалай қанағаттандыруына назар аударды. Шетелдік жетекшінің жеке ғылыми қызығушылығынан гөрі, төл мемлекетіміздің сұранысын қанағаттандыратын зерттеулердің салмағы бізге анағұрлым құнды.

Семинар барысында төрт баяндама тыңдалды. Жас ғалымдардың ізденісі психология ғылымының түрлі салаларын қамтиды екен. Ең бірінші сөз алған 3-курс докторанты Ш.Оспанованың тақырыбы «Қарым-қатынастағы жетекші тілдері әртүрлі келетін бір этникалық топтың өзара қатынасындағы стереотиптік түсініктер» деп аталады. Орыстілді қазақтар мен қазақтілді қазақтардың стереотиптерін салыстыра зерттеген екен. Отарлау салдарынан лингвистикалық біртұтастығынан айырылған қазақтар аутентті «нағыз қазақтар» мен этномаргиналыз, яғни орыстілді «шала қазақтар» болып бөлінетіні еш құпия емес. Тілдік бөліністің артында этномәдени айырмашылықтар тұрғаны белгілі болды. Коммуникациядағы тілдік кедергі кесірінен тіпті бір этникалық топтың өкілдері де бір-бірінен оқшауланады екен. Күнделікті қарым-қатынаста өзара түсініспеушілік пен қосымша шиеленіс пайда болады. Тіл – жай ақпарат беру құралы емес, сонымен бірге ол этномәдени негіз, ғасырлар бойы қалыптасқан құндылық, этностық қабылдау мен ойлау тәсілі және мінез-құлық нормаларының коды.

Жас ғалымдар Ұлттық мүддені ескере ме?



Эмпирикалық және теориялық зерттеулердің нәтижелері қарым-қатынас тілі әртүрлі боп келетін бір этникалық топ ішінде әрқилы стереотиптердің болуына тілдің айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. «Тек орыс тілінде сөйлейтін типтік қазақтың тұлғалық қасиеттері», «тек қазақ тілінде сөйлейтін типтік қазақтың тұлғалық қасиеттері» және «екі тілді меңгерген типтік қазақтың тұлғалық қасиеттері» туралы түсініктер арасында айырмашылықтар бар екен. Орыстілді қазақтардың көзқарасы бойынша тек қазақ тілінде сөйлейтін типтік қазақтың тұлғалық қасиеттеріне мынадай сипаттар жатады: отаншылдық, дәстүрлі құндылықтарға бағымды беру, эмоционалдылық, тәрбиелік пен қонақжайлылық, діндарлық. Қазақтілді қазақтар орыстілді қазақтардың көпшілігі салт-дәстүрді ұстанбайды деп есептейді. Этнофор қазақтар орыстілді қазақтарды өзіншіл (эгоцентрист), өз ойын еркін жеткізе білетін, дамуға ұмтылған, жеке шекараларды құрметтейтін, өз құқықтарын қорғау қабілеті жоғары деп бағалайды. Орыстілді қазақтар қазақтілді қазақтарды олардың өзіндік бағалауларына қарағанда әлдеқайда еңбекқор деп сипаттайды. Қазақтілді қазақтар өз бойынан бір ғана жағымсыз қасиет көрді: кешігушілік (уақтылы болмаушылық). Орыстілді қазақтар өз бойларында бірде-бір жағымсыз қасиет көрсетпеген. Демек, тілдің этностық әлеуметтенуде (этномаркер ретінде), тұлғаның өзін кім екенін сезінуде, ұлттық сәйкестілікте маңызы зор.

Келесі баяндаманы 2-курс докторанты Ө.Ғабдрахман жасады. Оның тақырыбы – «Жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен мұғалімнің эмоциялық қажуын (жанып кетуін) диагностикалау және алдын алу». Бұл бүгінгі білім беру саласындағы өзекті мәселе екені анық. Әйгілі В.Сухомлинский жазғандай: «Мұғалім мамандығы – жүрек пен жүйкенің жұмысы, ол ақыл-ой күшін күнделікті және сағат сайын жұмсауды қажет етеді». Оның үстіне оқытушылар қарқынды өзгерістер заманында өмір сүріп жатырмыз. Педагог – жай ғана пән маманы емес, ол борышқа бе-

рілгендікті (миссиясы болуы), жанашырлық пен төзімділікті қажет ететін жауапты кәсіп. Алайда бұл жұмыстың талаптары тіпті ең ынталы жанға да әсер етіп, тұлғаның эмоциялық жанып кету күйіне әкелуі мүмкін. Педагогтердің психикалық денсаулығын топ-менеджерлер ұдайы назарда ұстап отыруы тиіс. Өйткені педагог мамандығы стрестік санатқа жатады және өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің үлкен резервтерін талап етеді. Негізінен, оқытушылар физикалық және психикалық денсаулықтың төменгі көрсеткіштерімен сипатталады екен. Ал бұл көрсеткіштер маманның еңбек өтілі өскен сайын кеми береді. Қазіргі уақытта эмоционалды жанып кету синдромы МКБ-10 аурулардың халықаралық классификациясына енгізілген. Оған диагностикалық мәртебе берілді (ICD-10: 273 – өз өмірін басқарудағы қиындықтарға байланысты проблемалар).

Бақытымызға қарай, біз осындай мәселелерді шешу үшін жаңа технологияны қолдануға болатын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект (AI) мұғалімдердің жанып кетуін диагностикалау және алдын алу әдістерін өзгертуге ықпал етеді. Жасанды интеллекті негізделген құралдар мен алгоритмдерді қолдана отырып, біз қажу, күйзеліс белгілерін алдын ала анықтап, оқытушыларымызды қолдау үшін уақтылы шаралар қолдана аламыз. Педагогтердің психологиялық бақуаттылығын қамтамасыз ету, сайып келгенде, студенттерді де тиімді оқытуға әкеледі.

Үшінші баяндама спорт психологиясы саласына байланысты болды. Үшінші курс докторанты Юлия Красмик «Спортшылардың жарыстарға дайындық процесіндегі мотивациялық ерекшеліктері олардың тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыруы көрінісі ретінде» деген тақырыпта сөз сөйледі.

Мотивация адамның кез келген іс-әрекетінде жоғары маңызға ие, әсіресе спортта өте маңызды, мұнда басқа спортшылармен және спорттық командалармен қатаң бәсекелестік жағдайында өте қысқа мерзімде ең жақсы нәтижеге қол жеткізу қажет.

Психодиагностикалық өлшеулер үшін төрт диагностикалық әдіс қолданылыпты. Докторанттың айтуынша, Scopus журналдарына мақаланы шығаруда бірқатар әдіснамалық қиындықтар орын алыпты. Өйткені Қазақстандағы спортшылардың классификациясын шетелдіктердің түсінуінде белгілі бір мәселелер туындаған екен. Зерттеу әдіснамасына қойылатын талаптар да шетелде басқаша. Жұмыс барысында «құрылымдық теңдеулерді модельдеу (құрылымдық модельдеу)» сияқты қосымша талдау әдісі пайдаланылды. Ол мотивтердің өзін-өзі жүзеге асыруға әсерін болжауға көмектеседі.

Соңғы баяндаманы «Психология» мамандығының 3-курс докторанты Н.Польвянная жасады. Оның тақырыбы: «Созылмалы ауру және онымен байланысты күйлермен жұмыс істеуге арналған жаңа психологиялық интервенция: алдын ала нәтижелері». Ол ауруды сенсорлық тәжірибе ретінде санайтынын, яғни физикалық ауру туралы айтып отырғанын бірден ашып көрсетті. Бұл психикалық жарақат немесе уайым-қайғы ретіндегі жан ауруы туралы емес. Ауруды зерттеу жөніндегі халықаралық қауымдастық (IASP) ауру ұғымына келесі анықтама берді: «Ауру – тіннің нақты немесе ықтимал зақымдалуымен байланысты немесе осындай зақымданумен сипатталған жағымсыз сенсорлық және эмоционалды тәжірибені бастан кешіру». Медициналық парадигма ауруды емдеуге дәстүрлі жауап береді – дәрі-дәрмекті ұсыну. Алайда бұл созылмалы ауруды еңсерудің жауабы емес, оны жылдар бойы сезінуі мүмкін адамдар үшін психотерапиялық көмек те маңызды. Бүгінгі таңда ауруды кешенді емдейтін мультимодальдық терапияның тиімділігі байқалады.

Зерттеуші түрлі терапевтік әдістердегі созылмалы ауруға қарсы фармакологиялық емес араласудың тиімділігі туралы айта отырып, америкалық зерттеушілердің, мысалы, созылмалы дертпен жұмыс істеудің әдістерін танымал етуші Говард Шубинердің (Эмоционалды хабардарлық және экспрессиялы терапия (EAET)

және Алан Гордонның еңбектеріне сілтеме жасайды (Ауруды қайта өңдеу терапиясы (PRT)). Алайда батыстық психология үлгілерін, әдіс-технологияларын еш талғаусыз, сынсыз импорттау олардың әмбебаптығына қатысты әдіснамалық мәселені тудырады. Сондай-ақ кәсіби аралық оқыту мен ынтымақтастық психологияның пәндік ерекшелігін жоғалту қаупін байқатты. Эклектизм зерттеулерді «винегретке» айналдырады.

Докторант диссертацияның бір бөлігі болып саналатын зерттеудің қалай жүргізілгені туралы қысқаша әңгімеледі. Іріктеме топты таңдау, іріктеу критерийлері, зерттеу топтары және әдістері туралы айтылды. Тыңдаушылар зерттеулердің репрезентативтілік, валидтілік, сенімділік, шынайылығы жағына қатысты өз күмәнін білдірді.

Ізденушінің айтуынша, статистикалық тұрғыдан сенімді нәтижелер ауырсыну қарқындылығының төмендеуін көрсетеді: ауру қалыпты өмірге кедергі ретінде, апаттылық, алаңдаушылық пен депрессия белгілері, бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топта (курсты өткендер) жарақаттық тәжірибе белгілері айтарлықтай төмендеді. Жалпы, әдіснамалық семинарда талқыланған тақырыптар тыңдаушылар тарапынан үлкен қызығушылықпен қабылданды. Біз пайдалы пікір алмасуға куә болдық.

Алайда бұл әдіснамалық семинар барысы еліміздегі психология ғылымындағы біраз түйткілді мәселенің бетін ашты. Біздің көңілімізді алаңдатқан жайт: төрт баяндаманың үшеуі орыс тілінде және біреуі ағылшын тілінде жасалды. Әдеттегідей қазақ тілі ғылыми жолдың жиегіне ығыстырылып қалды. Қазақтілді мамандар санда бар, сапта жоқтай әсер қалдырады. Қазақстанда қазақтардың саны ел халқының үштен екі бөлігінен астамын құраса да, психология саласындағы мемлекеттік тілде қорғалған диссертациялардың саны тек үштен бір бөлікті ғана құрайды. Бұл қазақ тілінің ғылыми тілге айналуында белгілі бір мәселелер барын көрсетеді. Мемлекеттің ғылым саласындағы саясаты аутентті, этнофор қазақтардың ұлттық-әлеуметтік және ақпараттық, лингвистикалық теңсіздік проблемаларын жоюға бағытталуы тиіс деп санаймыз.

Жарас СЕЙІТНҰР,

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымының кандидаты

ТДМ-ға қатысты Қазақстанға тән мәселелер



табиғи ресурстарды қорғау, ластануды барынша азайту және биологиялық әртүрлілікті сақтауға жәрдемдесу шараларын қамтуды қарастырады; жаһандық ынтымақтастық мәселесінде, тұрақты даму климаттың өзгеруі, кедейшілікті азайту және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты жаһандық мәселелерді шешу үшін халықаралық деңгейде ынтымақтастық қажеттілігін айқындаған. Сонымен қатар мақсатты тұрақтылық бағдарламалары көбіне бақылау мен бағалауды, мүдделі тараптарды тартуды және мақсаттарға жету үшін стратегияларды әзірлеуді қамтитын басқару принциптеріне негізделеді. Олар жекелеген ұйым, қала, аймақ немесе тіпті ұлттық үкімет деңгейінде жүзеге асырылады.

Осы тұста Орталық Азия ел-

дерінің өзара қарым-қатынасында соңғы уақытта болып жатқан оң үдерістер, соның ішінде ең маңыздысы – кез келген мәселені ынтымақтастықта бірігіп шешу қолға алынып жатыр. Дегенмен ТДМ-ға қатысты Орталық Азия елдеріне, соның ішінде Қазақстанға тән мәселелерге тоқталсақ, онда мына тұстарын анықтауға болады. Мысалы, экономикалық жағынан тұрақты даму мәселесі осы күні өзекті. Қазба байлыққа қарамастан, елімізде еңбек өнімділігі төмен. Мемлекеттік сектор әлі де болса нарық заңдылығына толық икемделе алмай, алуан қиындықты бастан өткізіп жатыр және нашар инфрақұрылымды қоса алғанда, экономикалық даму түрлі ауыртпашылықпен бетпе-бет келіп отыр.

Келесі мәселе – әлеуметтік

қамту. Кешегі Кеңес өкіметі кезінде қалыптасқан қоғамдағы байланыс ерекшелігінен көз жазып, бүгінгі нарық заманынан да орын алып жатқан жаңа ұғым. Әсіресе теңсіздікке, кемсітушілікке, білім мен денсаулық сақтауға қолжетімділікке және әйелдер, балалар және мигранттар сияқты осал топ шектеулі мүмкіндіктерге байланысты қиындықтарға тап келді. Сонымен қатар экологиялық тұрақтылық мәселесі де жоқ емес. Орталық Азия аймағы келешекте су тапшылығы және су мен топырақтың ластануы, биоәртүрліліктің жоғалуы және климаттың өзгеруі сияқты бірқатар экологиялық проблемаларға кезігіп отыр. Нәтижесінде бұл жағдай адам денсаулығы мен экономикалық дамуға теріс әсер ететіні белгілі фактор. Сонымен қатар

ресурстарды басқару мәселесі. Су, энергия және жер сияқты табиғи ресурстарды ашық және тиімді басқару аймақтың тұрақты дамуына қол жеткізудің негізгі жолдары.

Осыған қатысты бір мысал ретінде таяуда өткен іс-шара жайында айтқымыз келіп отыр. ҚазҰУ-дың Кәсіби даму және мансап кеңсесі бөлімінің қызметкерлерімен Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының «Сандық архивтану және құжаттану» мамандығы бойынша білім алып жатқан 1-курс студенттерінің кездесуі өтті. Кездесудің мақсаты тұрақты даму бағдарламасының «Барлығына арналған заңгерлік кеңес» аясында бөлімнің білікті мамандарынан жауап алу болатын. Екіжақты бірлесіп ұйымдастырған кездесудің нәтижесінде студенттер көкейдегі сұрақтарын қойып, оқу үдерісінің заңдылық норма талаптарымен танысты. Мысалы: оқудан бөлек, ыңғайлы уақытта жұмыс істеу, қандай компанияларда қызмет етуге мүмкіндік бар, оқу мен жұмысты қалай қатар алып жүруге болады т.с.с. сұрақтарға тәжірибелі және білікті бас маман Әсем Аязбаева жауап берді. Кездесу соңында студенттер өздерін толғандыратын сұрақтарға толыққанды жауап алғанын айтты, ұлкен ризашылығын білдірді. Мұндай кездесудің маңызы және құндылығы, жоғары білім алу барысында жастар тұрақты дамудың мақсаттарын айқын түсінсе, келешекте қоршаған орта мен жеке басына жауапкершілікпен қарап, салауатты өмір сүру дағдысына икемделеді.

Бақыт НҰРПЕЙІСОВА,
Дүниежүзі тарихы және деректану кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

Креативті индустрия – заман талабы

Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауында креативті индустрия – медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру және ақпараттық технологиялар саласын қамтитын және жұмыспен қамтуға ықпал ететін экономика секторы ретінде айқындалған.

Бүгінде әлем елдері зияткерлік, инновация және шығармашылыққа негізделген экономиканы дамытуға назар аударып, оған басымдық бере бастады. Креативті индустрия барша мемлекеттерде экономиканың қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі саналады. Креативті индустрияның негізгі сипаттамалары шығармашылық қызметтің түрлі салаларында көрінеді. Мәселен, инновациялық технологиялардың орны ерекше: ойындарды әзірлеген кезде, бағдарламалық өнімдердің сан түрінде, виртуалды немесе шынайы өнімдерде, музыка,



өнер, жарнама, сәулет, кинематография, анимация, дизайн және шығармашылық қызметпен тікелей немесе жанама түрде байланыста болуы. Қазіргі жаһандану дәуірінде көпшілік креативті индустрияны жаңа экономикалық дамуға бастайтын қадам ретінде көреді. Дегенмен өзінде шығармашылық салалардың жалпыға бірдей қабылданған анықтамасы жоқ. Әлемде алғаш рет 2000 жылдары креативті индустрия жайлы айтыла бастады. Креативті экономикада өркендеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бастапқы кезеңде идеяны шындыққа айналдыру жолында мемлекеттің қолдауы маңыз-

ды. 2004 жылы БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясы өнер, мәдениет, бизнес және технологияларды тоғыстырған экономика секторын «креативті индустрия» деп атады.

Дамыған елдер ондаған жылдар бойы креативті индустрияны қалыптастыруға баса назар аударып келеді. Бүгінгі таңда бұл сала жылына шамамен 2,3 трлн доллар табуады. Креативті индустрияның жаһандық экспорты 250 млрд долларға тең. Жаһандық инновациялық индекске сәйкес, биыл креативті экономика бойынша 132 елдің ішінде Швейцария, Швеция, АҚШ, Ұлыбритания және Сингапур көш бастады. Қазіргі зерттеушілер креативті индустрияны мынандай үш модельге бөліп қарастырады: америкалық, скандинавиялық және шығыс-азиялық. Бізде креативті индустрия мәселелері «Мәдениет туралы» ҚР Заңымен және 2021-2025 жылдарға

арналған креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасымен реттеледі.

Креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленді.

Креативті индустрияларға шикізаты қиял, шығармашылық және зияткерлік капитал болып табылатын экономика секторлары жатады. Мәдениет пен өнердегі классикалық түсінікпен байланысты экономиканың дәстүрлі секторларынан басқа, креативті индустрияларға цифрлық секторды, кәсіби, ғылыми және техникалық қызметті, ақпарат пен байланыс секторын жатқызуға болады.

Алматы қаласы дәстүрлі түрде ел шеңберінде креативті индустриялардың орталығы болып саналады. Сондықтан негізгі капиталға салынған барлық инвестициялардың 7 пайызы креативті салаларға бағытталады. Бүгінде дамыған мемлекеттермен бірге біздің еліміз де креативті индустрия арқылы туризм, сауда, білім беру секілді салаларды қатар дамытып келеді.

Джанату ӘЛКЕБАЕВА,
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы

Тұрақты дамудың мақсатты бағдарламасы – белгілі бір аумақта немесе аймақта тұрақты дамуға қол жеткізуге бағытталған жоспар немесе стратегия. Тұрақты даму дегеніміз – болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей, ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру. Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) бағдарламасы 2015 жылдың қыркүйегінде Нью-Йоркте өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) саммитінде қабылданды.

Бұл мақсаттар 2015 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясы туралы халықаралық келісімді білдіреді. Барлығы 17 ТДМ қабылданды. Олар әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілердің кең ауқымын қамтиды және барлық ел мен бар адам үшін тұрақты дамуды қамтамасыз етуге арналған.

Осы бағдарлама мынадай принциптерді жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды: экономикалық тұрақтылық жағдайында осы бағдарлама барлық қатысушылар үшін тең мүмкіндік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұрақты экономикалық ортаны құруға ықпал ету мүмкіндігіне ие болуды; әлеуметтік әділеттілік мәселесінде, тұрақты даму қоғамның барлық мүшелерінің, соның ішінде осал топтар мен болашақ ұрпақтың мүддесін ескере отырып, пайда мен мүмкіндікті әділ бөлуге ұмтылуды; қоршаған ортаны қорғауда бағдарлама бойынша

Еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Қазіргі жастар арасында ойы ұшқыр, болашаққа деген үміті зор, ұлт тағдырына бейжай қарамайтын азамат көп. Сондықтан санасы тұнық, жан-жақты, бәсекеге қабілетті, креативті ойлайтын, ертеңгі күні қоғамда өз орнын табатын жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе.

Ал «креативтілік» сөзіне тез ойлап табу, жаңалық ашу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ұшқыр ойлылық деген анықтама беріледі. Креативтілік – еліміздің өркендеуіне, дамуына дем береді, белгілі деңгейдегі нәтижеге жетуге жол ашады. Адам капиталды дамыту – креативтік қоғам құруды және білімдер экономикасына өтуді қамтитын түрлендірулер. Бұл жердегі міндет – халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру.

Президентіміз Қасым-

Якутия қаламгерлерімен

кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Фараби кітапханасында Якутия жазушылар одағы өкілдерімен шығармашылық кездесу өтті.



Қазақстандағы Саха (Якутия) Республикасының күндері аясында ұйымдастырылған шараға Саха Республикасының халық жазушысы, «Руханият» академиясының вице-президенті Николай Лугинов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын, Ресей жазушылар одағының хатшысы Наталья Харлампьева, Якутия жазушылар одағының төрағасы, «Чолбон» журналының бас редакторы, ақын Гаврил Андросов, ақын, Ресей жазушылар одағының мүшесі, «Алта» баспасының директоры Зинаида Архипова, жазушы, Ресей жазушылар одағының мүшесі, «Чолбон» журналы бас редакторының орынбасары Данил Макеев қатысты.

«Сахалар – қазаққа жақын түркітілдес халықтардың бірі.

Біздің рухани қарым-қатынастарымыз жандана бастағанына қуаныштымын. Якутияның түркі әлемімен тамырлас екенін паш ететін әдеби шығармалар мен ғылыми еңбектерді кейінгі жастар білуге тиіс. Көркем аударма арқылы бір-бірімізді жақын танып, мәдени ынтымақтастықты арттыру және кітап оқу мәдениетін дамыту маңызды. ҚазҰУ-дың Түркология кафедрасының саха ғалымдарымен ғылыми байланыстары

бар. Алдағы уақытта да ортақ мақсаттарда бірлесіп жұмыс атқаратын боламыз», – деп атап өтті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Еркін Дүйсенов.

Якутия қаламгерлері өз шығармашылықтарымен таныстырып, саха тілінде өз өлеңдерін оқып, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Алмат ИСАДІЛ

Гендерлік теңдік туралы

білу маңызды

Педагогикалық практика – базалық пәндер цикліндегі жоғары оқу орны компонентінің бір бөлігі. Магистрант пен докторанттың білім беру жоспарына сәйкес меңгерген ғылыми-теориялық білімі мен практикалық дағдыларын сабақ беруде қолдануға машықтайтын бірден-бір құрал.

Кәсіби қызметтің міндетін терең түсінуге және оны орындау мақсатын айқындауға жол ашады. Сонымен қатар студенттер кәсіби әрі білікті маман атану жолында өзіндік ұстанымын қалыптастырып, тәжірибелерін дамытуда, шикі тұстарын анықтап, онымен жұмыс жасауда едәуір жетістікке қол жеткізе алады.

Химия және химиялық технология факультетінде PhD докторанттар педагогикалық практиканы өту барысында кәсіби дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сабақ түрлерін жүргізумен қатар, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырады. Бұл практика ба-



рысында білім алушыны маман ретінде ұжыммен бірге жұмыс істеуге үйретіп, қарым-қатынас психологиясын меңгеру арқылы ой-өрісін кеңейте түседі. Практика барысында магистрант студенттердің жеке ерекшеліктерін және дайындық дәрежесін ескеріп, педагогикалық этика нормасына сәйкес жұмыс атқаруға дағдыланады.

Осыған байланысты Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының докторанты Б.Кенжеев «Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және

әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» атты Тұрақты даму мақсаттарының №5 бағытына орай, дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел аясында гендерлік теңдік, гендерлік саясат және отбасылық қағиданың негізгі міндеттері айтылып, айқын мысалдар талқыланды.

Рауия ЫСҚАҚОВА,
Назым СМАҒҰЛОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценттері

Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында Фараби кітапханасы мен Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының жанынан құрылған «Жас ғалым» клубымен бірлесе отырып «Бабырнама» және қазақ руханияты» атты дөңгелек үстел өтті. Тұрақты даму мақсаттарының «Сапалы білім» бағдарламасы аясында өткен шарада кітапхана қорындағы Захир ад-Дин Бабырдың «Бабырнама» еңбегі таныстырылып, оның Қазақстан тарихы, ғылымы мен әдебиетінде алатын орны жан-жақты қарастырылды.

«Бабырнама» еңбегі

таныстырылды



Дөңгелек үстел барысында сөз алған Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к. Г.Тастемірова ғылыми кітапханадағы инновациялық өзгерістер, әлемдік тәжірибе алмасу және тарихтағы ақтаңдақтарға объективті баға беруде кітапхана қорындағы деректерді пайдаланудың тиімді мәселелері жөнінде ой қозғады. Негізгі баяндамашы, кафедраның оқытушысы, Шараф Рашидов атындағы Самарқан мемлекеттік университетінің докторанты М.Ибрагимова Қазақстан тарихы бойынша деректер мен сирек кітаптардың электронды нұсқасы жайында сөз қозғап, «кітапхана ісі дұрыс жолға қойылмай, ғылымның дамуы мүмкін емес» деп атап өтті. Дөңгелек үстелдің негізгі тақырыбы Бабырдың адамзат руханиятына қосқан зор үлесі – «Бабырнама» атты тарихи шығармасы екеніне тоқталды. Аталған еңбектің қазақ әдебиеті мен тарихына да

қатысы барын ескере отырып, Захир ад-Дин Бабырдың қазақ әдебиетінің түпкі бастауларының біріне жатқызуға болатыны жайында өз пікірін ортаға салды.

Дөңгелек үстел барысында зерттеушілер, ғалымдар мен кітапхана ісінің мамандары өзара пікір алмасып, бір-біріне сауал қойып, көкейкесті сұрағына жауап алуға мүмкіндік туды. Іс-шара барысында бас кітапханашы-менеджер Қ.Көбегенова Фараби кітапханасына экскурсия жүргізсе, Ақпараттық қызмет басқармасының басшысы А.Джаманкозова кітап көрмесімен таныстырды. Университеттегі білім алушы жастарға қазақтың тарихи мұраларын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған дөңгелек үстел мазмұнды өтті.

Гүлхан ТІЛЕУЖАНОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.